КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 8 шілде №1513-26-00-2/1126 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотытың құрамында
төрағалық етуші судья Ш.І. Мырзалы,
сот отырысының хатшысы А.Р. Медетова отырып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «AKX Solutions» Төлеуов Талғат Мағауияұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі Сабиева А.М.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2026 жылғы 7 ақпанда «Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі–тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «AKX Solutions» Төлеуов Талғат Мағауияұлы (бұдан әрі-өнім беруші) 3000 литр 92 маркалы жанар-жағар майын жеткізу бойынша №240740022301/260134/00 екі жақты тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойған (бұдан әрі - Шарт).

Шарттың жалпы құны 1 033 560 теңге және орындау мерзімі 2026 жылғы 30 сәуір.

Талап қоюшы сотқа талап қоюында жауапкермен мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарының орындалмауы себепті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкермен сотқа қарсы пікір берілген жоқ.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюын қолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға және 53 745 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Жауапкер өкілі сотқа қатысқан жоқ. Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының 4-бөлігінің (бұдан әрі–АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 8-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға адал емес қатысушылардың тізілімі мыналардың тізбесі болып табылады: 3) олармен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілер, 4) олармен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған өнім берушілер.

Шарт талаптары бойынша (3.1-тармақтың 1) тармақшасы) Өнім беруші Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенді.

Талап қоюшы мен жауапкер 2026 жылғы 7 ақпанда №240740022301/260134/00 екі жақты тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойған.

Шарт 2.2 тармағына сәйкес қазынашылықтың аумақтық органында тіркелген.

Шарттың 3.1. тармағына сәйкес, орындалуын қамтамасыз ету сомасы енгізілген.

Өнім беруші шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын конкурстық құжаттамаға сатып алынаты тауарлардың техникалық ерекшелігіне сәйкес, тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде талондарды жеткізуі тиіс.

2026 жылғы 12 ақпанда тапсырыс беруші шартқа сәйкес, өнім берушіден жанар-жағар майын жеткізу бойынша өтінім берген, алайда 2026 жылғы 27 ақпанда шарт талаптары орындалмаған.

Талап қоюшы шартты біржақты бұзу жөнінде жауапкерге 2026 жылғы 3 наурызда хабарлама жолдаған.

Шарт 2026 жылғы 20 сәуірде талап қоюшымен бір жақты бұзылған.

Мұндай жағдайларда, сот жауапкердің әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған

Құжатқа қол қойылған: Мырзалы Ш. І., 13.07.2026

Заңды күшіне енген күні: 18.08.2026, судья Мырзалы Ш. І., 19.08.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

деген қортындыға келеді.

Сондықтан, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Шарттың 7.3-тармағында Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспау тиістігі көзделген.

АПК-тің 122-бабының 2-тармағына сәйкес, кезеңмен айқындалатын процестік мерзімнің ағымы оның басталуы айқындалған күнтізбелік күннен немесе оқиға болған күннен кейінгі күні басталады.

Талап қоюшы шарттың орындалмағанын негізге алып 2026 жылғы 27 ақпан мен 20 сәуірді қоса есептегенде 52 күнге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Шарт бойынша тұрақсыздық айыбының сомасы (мерзімі өткен 52 күн үшін) 1 033 560 теңге× 0,1%×52 күн = 53 745 теңге тұрақсыздық айыбын құраған.

Аталған, тұрақсыздық айыбы сомасымен сот келіспейді және келесідей есептейді.

Тұрақсыздық айыбын 2026 жылғы 28 ақпан мен 20 сәуірді қоса есептегенде 51 күн шығады.

Шарт бойынша тұрақсыздық айыбының сомасы (мерзімі өткен 51 күн үшін) 1 033 560 теңге× 0,1%×51 күн = 52 712 теңге тұрақсыздық айыбын құрайды.

Жауапкер тарапынан талап қоюшының ұсынған дәлелдемелерін жоққа шығаратын және де өз қарсылықтарын растайтын дәлелдеме құжаттары сотқа ұсынылған жоқ.

Сот, зерттеліп анықталған мән-жайлардың негізінде талап қоюшының талап қоюы ішінара қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануға жатады және одан 52 712 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру қажет деген тұжырымға келеді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 3 744 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Мырзалы Ш. І., 13.07.2026

Заңды күшіне енген күні: 18.08.2026, судья Мырзалы Ш. І., 19.08.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сот АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі талап қоюы - ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «AKX Solutions» Төлеуов Талғат Мағауияұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «AKX Solutions» Төлеуов Талғат Мағауияұлынан мемлекеттік бюджетке 52 712 (елу екі мың жеті жүз он екі) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «AKX Solutions» Төлеуов Талғат Мағауияұлынан жергілікті бюджетке 3 744 (үш мың жеті жүз қырық төрт) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Талап қоюдың қалған бөлігі қанағаттандырудан бас тартылсын.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ш.І. Мырзалы**

Құжатқа қол қойылған: Мырзалы Ш. І., 13.07.2026

Заңды күшіне енген күні: 18.08.2026, судья Мырзалы Ш. І., 19.08.2026

1513-26-3-1/1336